№ 1 дана

Мемлекеттік сатып алу бойынша веб-порталында әлеуетті жеткізушілер тізімін қалыптастыру үшін конкурстық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2024 жылғы 7 қазандағы №671 бұйрығымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 15-тармағы 9) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басқарманың қажеттіліктері үшін ұзындығы 3 метр орындықтарын сатып алуға мемлекеттік сатып алу конкурсына келесідей конкурстық комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссияға төрағасы: басқарма бастығының орынбасары – қару-жарақ және тыл бөлімі бастығының бос лауазымы бойынша міндеттерін уақытша атқарушысы майор Ділмұрат Құрманәліұлы.

Комиссия мүшелері: қаржылық қамтамасыз ету тобының бастығы аға лейтенант Кәрім Данияр Қанатұлы; байланыс және ақпараттық технологиялар тобының аға офицері лауазымы есебінен офицері аға лейтенант Мирас Қуанышұлы Манап.

Әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру рәсімдерін орындау үшін бекітілген комиссияның хатшысы болып қаржылық қамтамасыз ету тобының бухгалтері Темирлан Жанатович Жақсыгельдинов тағайындалсын.

2. Комиссия өз жұмысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2024 жылғы 7 қазандағы №671 бұйрығымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын басшылыққа алсын.

3. Комиссия құрамына тағайындалған тұлғалар белгілі себептермен болмаған жағдайда, міндеттері уақытша атқарушы тұлғаға жүктелсін.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма бастығының орынбасары-қару-жарақ және тыл бөлімі бастығының бос лауазымы бойынша міндеттерін уақытша атқарушысы майор Ділмұрат Құрманәліұлына жүктелсін.